

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«ШЕҢГЕЛШИ НЕГІЗГІ ОРТА
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА
ШЕҢГЕЛШИ» ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ МУГАЛЖАРСКОГО
РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

030710, Мұғалжар ауданы, Шенгелши ауылы, Ш. Құрманғазова көшесі, 11, тел.: 76567 Shengelshi.nm.2016@mail.kz

030710, Мугалжарский район, аул Шенгелши, ул. Ш. Курмангасовой 11, тел.: 76567 Shengelshi.nm.2016@mail.kz

Бұйрық кітабынан көшірме

«29» тамыз 2024

№ 105

2024-2025 оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы

ҚР ОАМ 10.07.2024 жылғы № 1747 бұйрығының, Мектеп жарғысының, Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, 29.08.2024 ж №1 педагогикалық кеңес шешімінің негізінде және кәсіподақ комитетінің келісімімен оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

Жаңа 2024-2025 оқу жылын 2024 жылғы 1-қыркүйектен ұйымдасқан түрде бастауды;

2. 1-ші сыныптарда оқу жүктемесі -33 оқу аптасын, 2-9 сыныптарда -34 оқу аптасын құрайды.

3. 1-9 сыныптарға мынадай каникул мерзімдері белгіленсін:

күзгі-7 күн (2023ж.28 қазаннан 3 қарашасын қоса алғанда)

қысқы -10 күн (2024 ж.30 желтоқсаннан 8 қаңтарды қоса алғанда)

көктемгі -11 күн (2025 ж.21 наурызынан 31 наурызды қоса алғанда)

1-ші сыныптарға қосымша 7 күн каникул енгізілсін (2025ж. 10 ақпаннан 16 ақпанды қоса алғанда)

4. 2024ж 1 қыркүйекте «Мектебім-мейірім мекені»ұлттық құндылық аясында

1,9 сыныптар үшін салтанатты жиын өткізілсін.

5. Бекітілсін:

5.1. ШО, МАД және 1-9-шы сынып оқушыларына арналған 5 күндік жұмыс аптасы;

5.2. 1 сыныптар үшін сабақ кестесі 09.00-ден басталсын және қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізілсін.

5.3. Сабақ ұзақтығы -45 минуттан;

5.4. Қоңырау кестесі:

I ауысым:

1. 8.00 – 8.45
2. 8.50 – 9.35
3. 9.50 – 10.35
4. 10.40 – 11.25
5. 11.40 – 12.25
6. 12.30 – 13.15
7. 13.20 – 14.05

II ауысым:

1. 14.30-15.15
2. 15.20-16.05
3. 16.20-17.05
4. 17.10-17.55
5. 18.10-18.55
6. 19.00-19.45

1 сынып үшін:

1. 09.00 – 09.35
2. 09.50 – 10.25
3. 10.30 – 11.05
4. 11.10 – 11.45

5.5 Жұмыстық оқу жоспарының вариативтік бөлшегіндегі сабақтар сабақ кестесіне сай жүргізілсін.

5.6 Сабақ ауысымдары бойынша бөлу төмендегідей жүзеге асырылсын.

I-ші ауысым: 1, 4, 7, 8, 9

II-ші ауысым: 2, 3, 5, 6

5.7 Жаңа оқу жылына арналған штат кестесі мен оқу жүктемесі бекітілсін.

5.8 Жылдық күнтізбелік оқу кестесі бекітілсін.

6. Оқу жылының басы 1 қыркүйекке дейін директордың орынбасары:

6.1 Педагогикалық және санитарлық гигиеналық талаптарды сақтай, оқу кабинеттерінің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу жұмысын жоспарын дайындасын, бес күндік оқу аптасының аясында сабақ кестесін құрастыру жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес сабақтар кестесін құрастырсын және ҚР Оқу-ағарту министрлігі бұйрықтарын басшылыққа алып, оны мектептің Қамқоршылық кеңесімен және ата-аналар комитетімен мақұлдасын.

6.2 Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын іске асыру мақсатында ӘБ отырысында оқу жұмыс жоспарының мектептік компонентінің барлық оқу бағдарламалары бекітілсін.

6.3 ОЖСБ, олимпиадаларға дайындық бойынша оқушыларға жеке және топтық кеңес берулер кестесі құрастырылсын.

6.4 Барлық педагогтар « 2024-2025 оқу жылы ҚР оқу процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқау хатты басшылыққа алсын, мектеп қызметкерлерінің атқарымдық міндеттеріне сәйкес жаңа оқу жылын ұйымдастыру бойынша жергілікті актілердің жобаларын дайындасын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Абишеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Г.К.Абишева

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«ШЕҢГЕЛШИ НЕГІЗГІ ОРТА
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА
ШЕҢГЕЛШИ» ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ МУГАЛЖАРСКОГО
РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

030710, Мұғалжар ауданы, Шеңгелши ауылы, Ш. Құрманиязова көшесі, 11, тел.: 76567 Shengelshi.nm.2016@mail.kz
030710, Мугалжарский район, аул Шенгелши, ул. Ш. Курманиязовой 11, тел.: 76567 Shengelshi.nm.2016@mail.kz

Бұйрық кітабынан көшірме

«30» желтоқсан 2024

№ 112

II жарты жылдықта сабақ кестесінің өзгеруі туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Ата-аналардың өтініші негізінде 29.08.2024 жылғы бұйрыққа өзгеріс енгізілсін.

2. II ауысымдағы сабақ 14.00-де басталсын.

I ауысым:

1. 8.00 – 8.45
2. 8.50 – 9.35
3. 9.50 – 10.35
4. 10.40 – 11.25
5. 11.40 – 12.25
6. 12.30 – 13.15

II ауысым:

1. 14.00-14.45
2. 14.50-15.35
3. 15.50-16.35
4. 16.40-17.25
5. 17.40-18.25
6. 18.30-19.15

3. Жұмыстық оқу жоспарының вариативтік бөлшегіндегі 7-9 сыныптардағы сабақтар II ауысым мезгілінде 15.00-15.45; 15.50-16.38, 16.40-17.30 өткізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Абишеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:  Г.К.Абишева



«Шеңгелши негізгі орта мектебі» КММ
жалпы ата-аналар жиналысының
№3 хаттамасы

Күні: 22.11.2024ж

Қатысқандар: Мектеп директорының у.м.а: Абишева Г.К

МДТДЖО : Канатова Г.С

Мектеп психологы: Спанова А.С

Әлеуметтік педагог: Жубаниязова А.К

Мұғалімдер: 12

Тақырыбы: Тәртіп бұзушылықтар және олардың салдары

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі» баяндама
2. Салауатты өмір салтының құрылымы, Нашакорлық, есірткі проблемасы және оның алдын алу. Отбасындағы адамгершілік тәрбиесі
3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу. Құқық бұзушылық үшін ата-ана мен жасөспірімдердің жауапкершілігі.
4. Оқушылардың сабақтан қайту уақыттары туралы.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психологы Спанова А.А «Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі» тақырыбында баяндама оқыды. Қазіргі таңда қоғамда белең алып тұрған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық және оның алдын алуда отбасының рөлі жайында айтып өтті. Өмірде болып жатқан оқиғалар туралы мәліметтер айтып, дәлелдемелер келтірді.

2. Қазіргі қоғам алдында тұрған нашақорлық, есірткі проблемасы белең алып тұр. Балалардың өмір қауіпсіздігі үшін нашақорлық, есірткі туралы оқушыларға айтып, түсіндіру керектігі айтылды.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық бойынша МДТДЖО Г.С.Канатова сөйледі. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері мектепте жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді. Кешкі рейд кестесі құрылып, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер кешкілік уақытта сағат 20:00 мен 22:00 аралығында көшелерді, дүкен, кафелерді аралап, рейд жүргізді. Класс жетекшілер оқушылардың сабаққа қатысымын, тәртібін күнделікті қадағалап отырды. Нәтижесінде кешкілік уақытта көшеде жүрген, тәртіп бұзған оқушы анықталмады. Құқық бұзушылық орын алмады. Дегенмен, әр ата- ана өз баласының болашағына үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

4. Күн тәртібіндегі 4 - мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы А.В.Жумағали сөз сөйледі. 2 - ауысымдағы сабақ 14:30 да басталып, 19:45 аяқталады. Қазіргі уақытта күн қысқа, қараңғы ерте түседі. Балалар сабақтан кеш шығады. Балалардың қауіпсіздігі үшін алаңдап отырамыз. Сондықтан 2 - ауысымның сабақ уақытын өзгертіп, сағат 14:00 ден бастап қоюыңызды сұраймын.

Ата - ана Г.Т.Берниязова : Балалар сабақтан сағат 19:45 те шығады. Дене шынықтыру сабақтарында одан да кеш шығады. Балаларды үйге аман-есен келуін уайымдап отырамыз. Қыс мезгілі жақындап қалды, күн қысқа. Балалар сабақтан шыққанда дала қараңғы боп кетеді. Балаларымыздың қауіпсіздігі үшін алаңдаймыз. Сабақ уақыты ерте басталып, қараңғы түспей үйге аман-есен жетсе екен. Сондықтан 2- ауысымдағы сабақ уақытын сағат 14:00 де бастауыңызды сұраймын.

МДОУЖО: Абишева Г.К. Сіздердің айтып отырғандарыңыз өте орынды. Бұл айтылғандар ескерусіз қалмайды. Алайда сабақтың ортасында уақыт кестесін өзгерте алмаймыз. Сондықтан, бұл мәселе 2- жартыжылдықта қаралатын болады.

Шешім:

1. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі» баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Салауатты өмір салтының құрылымы, Нашақорлық, есірткі проблемасы және оның алдын алу шаралары жандандырылсын.
3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жұмыстары жалғастырылсын. Құқық бұзушылық үшін ата-ана мен жасөспірімдердің жауапкершілігі күшейтілсін.
4. Ата-аналардың өтініштері ескеріліп, сабақ уақыты 2- жарты жылдықта өзгертілсін.

Жиналыс төрағасы:



Абишева Г.К

Жиналыс хатшысы:



Сатаева Ж.С